

Бекітемін: ББ
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы Б.Ә.Боранбаева
«01» 09 2023 жыл

«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Кеңес отырысында қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысында көрсетілген санаттағы отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсету туралы 3. 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру 4. Ағымдағы мәселелер	Тамыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту 2. Қамқоршылық кеңес хатшысын сайлау 3. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтау жұмыстары, мектептің әлеуметтік паспортымен таныстыру 4. Оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыру жағдайы 5. Қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік, қайырымдылық шаралар	Қазан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	1. Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу шаралары 2. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға қатысу (Қоғам мен демеушілерді Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге демеушілерді тарту) 3. «Қамқорлық» акциясы 4. Түнгі рейд шараларын жүргізу	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	1. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын жүргізу 2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру 3. Көктемгі абаттандыру жұмыстары	Наурыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметін ұйымдастыру 2. Балаларды қорғау күніне арналған іс-шараға демеушілерді тарту 3. 2023-2024 оқу жылы бойынша жүргізілген жұмыстар есебі	Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
ХАТТАМА №1
“№74 Жалпы білім беретін орта мектеп” КММ

07.08.2023 жыл

Төрайым – Боранбаева Базар Әуесханқызы

Хатшы – Елекеева Жанна Аманнолақызы

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Ембергенов Аамандық – кеңес мүшесі
2. Омаров Тама Мәлікұлы – кеңес мүшесі
3. Абашева Айгүл Алиевна – кеңес мүшесі
4. Айтқұлов Қуаныш – кеңес мүшесі
5. Құлмұратов Мұңал Әбдіханұлы – кеңес мүшесі

Қатысқаны – 6

Қатыспағаны – 3

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру;
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысында көрсетілген санаттағы отбасылардың балаларына қаржылық көмек көрсету туралы;
3. 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшелерін мектеп директоры А.Қ.Башанов жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ж.А.Елекеева сөз алды.

№	Аты-жөні	Класы	Ата-анасының аты-жөні
1	Өмірзақ Ааянат	5 класс	Абдилдина М.М.
2	Өмірзақ Ислам	8 класс	Абдилдина М.М.
3	Өмірзақ Мақсат	7 класс	Абдилдина М.М.
4	Өмірзақ Рамазан	3 класс	Абдилдина М.М.
5	Айжарық Еркеназ	7 класс	Ізбергенова А.Е.
6	Айжарық Аякөз	5 класс	Ізбергенова А.Е.
7	Айжарық Бейбарыс	9 класс	Ізбергенова А.Е.
8	Серікқалиева Аяулым	7 класс	Алиева А.Б.
9	Серікқалиева Ақбота	9 класс	Алиева А.Б.
10	Ғылым Санжар	2 класс	Какимова Ш.Б.
11	Есентай Зангир	5 класс	Сагиндыкова Б.К.
12	Мұхтарұлы Жүсіп	6 класс	Абдрахманова Ж.С.
13	Мұхтарұлы Райымбек	9 класс	Абдрахманова Ж.С.
14	Мұхтарқызы Акерке	4 класс	Абдрахманова Ж.С.

15	Дәуренбекова Толғанай	9 класс	Кулмурзина А.Д.
16	Дәуренбекова Айзере	4 класс	Кулмурзина А.Д.
17	Дәуренбек Қадыр Әли	6 класс	Кулмурзина А.Д.
18	Мұрат Жансезім	6 класс	Конарова Д.Б.
19	Мұрат Жансерік	7 класс	Конарова Д.Б.
20	Ерболұлы Мансұр	3 класс	Есжанова А.Е.
21	Ерболқызы Жазира	5 класс	Есжанова А.Е.
22	Көбейсін Расул	8 класс	Искакова Ж.Н.
23	Көбейсін Сұлтан	7 класс	Искакова Ж.Н.
24	Көбейсін Алихан	3 класс	Искакова Ж.Н.
25	Серікбай Алдияр	8 класс	Серикбаев С.М.
26	Серікбай Абай	4 класс	Серикбаев С.М.
27	Алиева Жансая	10 класс	Нургалиева А.К.

Осы тізімде ұсынылған оқушылардың ата-аналары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде құжаттарын жинақтап тапсырды. Тізімдегі Серікбай Абай, Серікбай Алдиярдың анасы қайтыс болған. Өгей анасы бар. Отбасында 3 бала. Өкесі тұрақты жұмыс жасамайды. Өгей анасы бала күтімімен үйде. Отбасына тұрақты кіретін табыс балалардың пенсиясы. Тұрмыстық жағдайлары орташадан төмен. Осы оқушыларды қаржылай көмек алушылар тізіміне қосуды ұсынамын. Қосымша тұрмыстық зерттеу актісін алдарыңызға ұсынып отырмын.

Алиева Жансая көп балалы отбасында тәрбиеленуші. Отбасында 4 бала, үлкені Жансая.. Тірек қимыл аппаратының дұрыс жұмыс жасауына байланысты мүгедектігі бар. Қазіргі уақытта №74 ЖББОМ-тің 10а класында үйден оқиды. Анасы бала күтімімен үйде. Отбасына кіретін табыс көзі күнкөріске жетпейді. Негіз – кәмелетке толмаған оқушының материалдық – тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі.

Сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Т.М.Омаров-бұл аталған оқушылардың көпшілігінің тұрмыстық жағдайы бізге таныс. Ұсынылған материалдарды талқылап, тұрмыстық жағдайларымен таныса келе осы оқушыларға қаржылай көмек көрсетуге өз дауысымды беремін.

Кеңес мүшесі А.А.Абашева-осы оқушыларға алдағы уақытта демеушілер тарапынан да көмек көрсетуді ұйымдастыруды ұсынамын.

Кеңес төрайымы Б.Ә.Боранбаева-барлығыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Жаңа оқу жылындағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Жыл сайынғы оқушыларды мектепке даярлау барысында биыл да көмекті қажет ететін балаларға қол ұшын созу баршамыздың парызымыз. Ұсынылып отырған оқушылардың тұрмыстық жағдайын ескере келе қаржылай көмек алуға және оқу жылы бойынша тегін ыстық тамақпен қамтуды ұсынамын.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева баяндады: Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, биыл қыркүйектің 1-інен бастап жекелеген санат отбасыларынан шыққан оқушылар, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бастауыш класс оқушылары үшін тегін тамақтандыру ұйымдастырылады. Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитетінің мәліметінше, Республика бойынша

тегін тамақтану құны орта есеппен 577 теңгені құрайды. Бастауыш кластар бойынша мектебімізде қазіргі уақытта 196 оқушы білім алады деп жоспарлануда. Мектеп асханасы 110 орындық. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге асхана құрал жабдықтары жеткілікті. Оқушылардың оқу ауысымдарына сәйкес тамақтану графигі құрылып дайындалуда. Оқушылар облыстық білім басқармасымен бекітілген 2 апталық ас мәзірі бойынша тамақтанады.

Қаулы:

1. «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысында көрсетілген санаттағы отбасылардың балаларына қаржылық көмек көрсетілсін.
3. 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:

Боранбаева Б.Ө
Елекеева Ж.А

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
ХАТТАМА №2
“№74 Жалпы білім беретін орта мектеп” КММ

02.11.2023 жыл

Төрайым – Боранбаева Базар Әуесханқызы

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Мартазеева Арайлым Батырханқызы – кеңес мүшесі
2. Сейбуханова Жанна Булатбековна - кеңес мүшесі
3. Саламатова Жанат Жанабергеновна - кеңес мүшесі
4. Нурмуханова Гауһар Габделмажитовна - кеңес мүшесі

Қатысқаны – 5

Қатыспағаны – 8

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту
2. Қамқоршылық кеңес хатшысын сайлау
3. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтау жұмыстары, мектептің әлеуметтік паспортымен таныстыру
4. Оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыру жағдайы
5. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу шаралары
6. Қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік, қайырымдылық шаралар

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне мектеп директоры А.Қ.Башанов хатшыны сайлап, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы М.М.Айтбаева сөз алды.

№	Аудандағы/қаладағы оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	453 237 216
2	Толық отбасы саны: Ондағы бала саны:	313 428
3	Толық емес отбасы саны: Ондағы бала саны:	16 23
4	Жетім балалар: Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	1 0
5	Жартылай жетім балалар саны: Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған:	12 12 0
6	Аз қамтылған отбасы: Ондағы балалар саны	9 26

7	АӘК алатын отбасы: ондағы бала саны:	4 11
8	Көпбалалы отбасы: ондағы бала саны:	38 153
9	Өгей әкемен тұратын отбасы: ондағы бала саны:	0 0
10	Өгей анамен тұратын отбасы: ондағы бала саны:	0 0
11	Ерекше білімді қажет ететін балалар: Үйден оқитын балалар:	1 1
12	Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы: ондағы бала саны (мектеп жасындағы):	0 0
13	Полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар: Мектепшілік есепте тұрған оқушылар:	0 0
14	Тәуекел тобындағы (намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы) оқушылар: Мектеп формасын сақтамайтын оқушылар: Террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар:	0 0 0

2023-2024 оқу жылының қараша айы бойынша мектебімізде 453 оқушы бар. Соның ішінде 237-ұл, 216-қыз. Толық отбасы саны-313, ондағы бала саны-428. Толық емес отбасы саны-16, ондағы бала саны-23. Жетім балалар саны-12, әкесі қамқорлығынсыз қалған балалардың саны-0. Жартылай жетім балалар саны-9, ондағы балалар қайтыс болған-12, анасы қайтыс болған-0. Аз қамтылған отбасы-9, ондағы балалар саны-26. АӘК алатын отбасы-4, ондағы бала саны-11. Көпбалалы отбасы-38, ондағы бала саны-153. Өгей әкемен, өгей анамен тұратын оқушылар жоқ. Ерекше білімді қажет ететін балалар-1, үйден оқитын балалар-1. Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы, оқушылар жоқ. Тәуекел тобындағы оқушылар, мектеп формасын сақтамайтын оқушылар, террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар жоқ.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог

М.М. Айтбаева баяндады:

2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша 219 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Соның ішінде АӘК алатын-11 оқушы, күнкөріс деңгейі бойынша-10 оқушы, жетім-1 оқушы, 1-4 сынып арасындағы 204 оқушы.

9-қазаннан бастап Ақтөбе облысы білім басқармасының бекітуімен жаңа 2 апталық ас мәзірі бекітіліп, қазіргі уақытта оқушыларға бекітілген мәзір бойынша ыстық тамақ берілуде. Ас мәзірі бойынша бекітілуге тиісті баға 507 теңге. Жаңа мәзірдегі өзгерістер 11:00-ге дейін және кейін болып бөлінуінде.

Асхананың санитарлық жағдайы, азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру мақсатында бракераж комиссиясы жұмыс жасайды. Бекітілген комиссия мүшелері айына 1 рет жоспарға сай асханаға тексеру жұмыстарын жүргізіп, акт, хаттамалары толтырылып отыр.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың асханадан тамақтануы күнделікті әлеуметтік педагог және класс жетекшілері тарапынан қадағаланады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектептің психологы А.Ж.Амандық баяндады:

Қазіргі таңда буллингтің алдын-алу мәселесі үлкен маңызға ие және көптеген себептерге байланысты кеңінен қамтуға лайық. Біріншіден, агрессивті мінез-құлықтың бұл түрі жасөспірімдердің психикасын терең жарақаттайды. Екіншіден, экономикалық тұрақсыздық, кедейлік, біздің күнделікті өміріміздегі агрессияның, стрестің көптігінен буллингтің жасөспірімдер арасында таралуы артып отыр. Буллинг тек балаларды ғана емес, мұғалімдерді де қамтиды. Яғни, балалар да, мұғалімдер де буллингтің құрбанына айналуы мүмкін, ал ересектер де, балалар да бұзақы рөлін атқара алады. Буллингтің дамуына көп жағдайда отбасындағы тәрбие, балада сәби кезінен бастап тәрбиеленетін көзқарастар ықпал етеді. Сондай-ақ буллингтің дамуы балалар білім алуға баратын оқу орнының микроклиматына ықпал етеді. Білім беру ұйымы оқушылар арасындағы буллинг мәселесіне үлкен көңіл бөлуі керек.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова баяндады:


1 қазан-Қарттар күні мерекесіне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару мүшелері қыркүйек айының қарияларға бөлме гүлдерін сыйға тартты.Қарттар күніне орай 25 қыркүйек күні мектебімізде «Еңбегімен еленген ардагерлер» тақырыбында Рауан елді мекенінің тұрғыны, мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің төрайымы,ардагер ұстаз Боранбаева Базар Әуесханқызымен кездесу өтті.Осыған орай,мектептің инстаграм парақшасында ардагер ұстаз Боранбаева Базар Әуесханқызының ұстаздық жолы туралы «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында жарияланым жасалды. Сонымен қатар, Қарттар күні мен Еңбек күніне арналған іс-шаралар жоспары аясында мектептің инстаграм парақшасында «Менің атам – еңбек адамы» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының бейнебаяндары жарияланды. 1 қазан – Қарттар күні мерекесі және Еңбек күніне орай мектебімізде «Еселі еңбек – ел ертеңінің кепілі!» тақырыбында мерекелік концерт өтті. Мерекелік концертке Рауан елді мекенінің қариялары шақырылды.

Қаулы:

- 1.Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңес хатшысы сайлансын.
3. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын анықтау жұмыстары, мектептің әлеуметтік паспортымен таныстыру қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыру жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 5.Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу шаралары қанағаттанарлық деп танылсын.

6. Қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік, қайырымдылық шаралар орындалсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:



Боранбаева Б.Ә
Айтбаева М.М

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

ХАТТАМА №3

“№74 Жалпы білім беретін орта мектеп” КММ

08.12.2023 жыл

Төрайым – Боранбаева Базар Әуесханқызы

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Рахиев Сауранбек Романович – кеңес мүшесі
2. Ешманов Жандос Махмутұлы - кеңес мүшесі
3. Хайруллин Самат Газизович - кеңес мүшесі
4. Абашева Айгуль Алиевна - кеңес мүшесі
5. Мартазеева Арайлым Батырханқызы- кеңес мүшесі
6. Конысбай Роллан Султанғалиұлы- кеңес мүшесі

Қатысқаны – 7

Қатыспағаны – 6

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу шаралары
2. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға қатысу (Қоғам мен демеушілерді жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге демеушілерді тарту)
3. «Қамқорлық» акциясы
4. Түнгі рейд шараларын жүргізу

Тындалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Алдабергенова:

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлықт әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылыуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог М.М.Айтбаева баяндады:

Қалалық білім бөлімінен келген 9-12 жас аралығындағы бұрын сонды президенттік шыршаға бармаған, сабақ үлгерімі үздік, республикалық-облыстық олимпиада жеңімпаздары бар әр мектеп бес баладан ұсыну сұралды. Соған әр мектеп хатта

көрсетілгендей құжаттарын жинақтап тапсыру сұралды.Іріктеу кезеңі болатынын хабарлады!Берілген орындарға сәйкес,құжаттары сай балалар жіберілді.Мен осы критерийге кіретін 4 баланың құжаттарын апарған болатынмын.Олар:Есентай Зангир(жетім),Айжарық Еркеназ(АӘК),Дәуренбек Қадір-Әли мен Дәуренбекова Айзере(күнкөріс деңгейі төмен).Осы балалардың ішінде бізден іріктеу кезеңіне қабылдап алынған оқушы Айжарық Еркеназ.Қала әкімдігі мен Алматы ауданы әкімдігіне баратын біздің үміткерлер:11 АӘК,10 аз қамтылған,1 жетім, 4 алқалы органның шешімімен(үйден оқытылатын оқушы).Сонымен қатар жылдық сыйлықпен осы оқушыларды түгел қамту алдағыжоспарда тұр.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог М.М.Айтбаева баяндады:

01.10.2023ж күні біздің мектепте «Жүрекке жылу» атты қайырымдылық акциясы өтті.Біз қарттар үйіне барып «Қарттарды аялайық!» тақырыбында мерекелік концертті қойдық.Қарияларға 20 мыңға алынған гүл шоқтарын тарту еттік.Қарияларымызға жақсы көңіл-күй сыйладық.

29 қазан-Қорғаншылар күніне орай 18 қазан күні «Мейірімділік керуені» атты тағамдар жәрмеңкесі өтті.

Мерекеге орай жекелеген санат отбасы балаларына материалдық көмек беру мақсатында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 «А» сынып оқушысы Есентай Зангирге кітап пен тәттілер және жолстройына 30 мың салынды.Қамқоршысы Сагиндыкова Балжан Кайлановнаға бөлме гүлі мен алғыс хат табысталды.Жекелеген санат отбасы балаларына материалдық көмек беру мақсатында үйде оқытылатын 10 «А» сынып оқушымыз Алиева Жансаяға сынып жетекшісі,әлеуметтік педагог,мектеп психологі үйіне барып «Әдебі әдемі ханшайым бол» атты кітабымызды және тәттілерімізді апардық.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Алдабергенова:

2023 жылдың 8 қыркүйек күні жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сағат 22:00 ден 24:00 ге дейін түнгі рейд жүргізілді.Рейдке «Тәртәі сақшылары» жасағының басшысы Ахметов Алибек Жубанышулы және мүшесі Манатов Тұрар Сагиевич шықты.Дәл солай түнгі рейд жүргізілуі 2 қазан,7қараша,24қараша күндері өткен болатын.

Қаулы:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу шаралары қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға қатысу (Қоғам мен демеушілерді жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге демеушілерді тарту) орындалсын.
- 3.«Қамқорлық» акциясы жүргізілсін.
- 4.Түнгі рейд шаралары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:

Боранбаева Б.Ә

Айтбаева М.М

«№74 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №4

10.03.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын жүргізу
2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру
3. Көктемгі абаттандыру жұмыстары

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, педагогтар.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алдабергенова Г.Б. Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп құқық бұзушылық орын ала бастады.

Құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл шартты құбылыс. Құқық бұзушылық — заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек, заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. — Әрекет — бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Амангельды А.М. Наурыз мейрамы - ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Биыл Наурыз мейрамы бес күн: 21-25 аралығында аталып өтеді. Наурыз іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт пен береке әкелсін! №74 ЖББОМ ұжымы осы Наурызымызды ұлықтау мақсатында бірқатар іс – шараларды ұйымдасруды жоспарлап отыр. 21 наурыз күні мектеп ұжымындағы ұстаздарымыздың қатысуымен мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылғалы жатыр.


Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Ақылбекұлы Н.А Мектеп алаңын көгалдандыру жұмысы оқушыларға білім беру мен еңбек тәрбиесіне біртұтас енуіс тиіс. Өсімдіктерді өсіріп баптау еңбегі-бұл адам тәрбиелеу. Мектеп ұжымымен бірге көктем-күз айларында ағаш отырғызу жұмыстарына ат салыса отырып, білім беру мекемесінің жетекшісі көгалдандыру жұмыстарына қатысатын үлкендер мен балаларға өзі үлгі болып жол бастай алады. Мектеп маңындағы көлеңкелі бау алдымен санитарлық-гигиеналық және архитектуралық маңызға ие. Ал мектеп бағдарламасының көрнектілігі болып ағаш, шөп, гүлді-дикоративті, мәдени өсімдіктердің бай және алуан түрлі жинағы саналады.

Қаулы:

1. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы жүргізілсін.
2. Ежелден келе жатқан Наурыз мейрамы оқушылар арасында, мектеп ұжымы арасында өз дәрежесінде ұйымдастырылсын.
3. Көктемгі абаттандыру жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Боранбаева Б.Ә
Айтбаева М.М

**«№74 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысы**

Хаттама №5

24.05.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметін ұйымдастыру.
2. Балаларды қорғау күніне арналған іс – шараға демеушілерді тарту.
3. 2023- 2024 оқу жылы бойынша жүргізілген жұмыстар есебі.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, педагогтар.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Амангельды А.М. Тағы бір оқу жылы тәмамдалып, оқушылар жазғы демалысқа шығуға дайын отыр. Бұл уақыт – тоғыз ай бойы мектеп қабырғасында жүріп, біліммен шыңдалған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуге берілетін мүмкіндік. Сондықтан олардың толыққанды демалып, жаңа оқу жылына тың күшпен, сергек серпінмен келуі маңызды. Әлбетте, бұл – білім саласы үшін де күн тәртібіндегі мәселенің бірі. Соңғы қоңырау соғылып, оқушылар үшін үш айдан тұратын демалыс уақыты басталған кезде әр ата-ана «Баламның жазғы демалысын қалай тиімді ұйымдастырсам болады?» деген сұраққа жауап іздейтіні белгілі. Бұл мәселені түрлі сауықтыру орталықтары мен демалыс лагерьлері шеше алады. Бүгінде балалардың белсенді демалысын ұйымдастыру мақсатында қала сыртынан немесе мектеп жанынан ашылған жазғы сауықтыру лагерьлері жұмыс істейді.

Балаларды қорғау күніне арналған іс – шараға демеушілерді тарту мәселесі бойынша әлеуметтік педагог Айтбаева М.М. Балалар біздің үмітіміз, болашағымыз. Қуаныш пен шаттыққа толы балалық шақтан асқан сұлулық жоқ, оны солай ету - отбасының, қоғамның, мемлекеттің міндеті. Балаларды қорғау күнінің мақсаты – балалардың өмір сүруге, пікір бостандығына, білім алуға және қорғауға құқығы бар екенін еске салу. Бұл күні көп балалы отбасыларға Ақгүлге демеушілік жасау туралы ұсыныс жасап отырмыз.

2023- 2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің есебі. 2023 -2024 оқу жылында кеңес тамыз айында отырыс өткізіп, жаңа оқу жылына жоспар дайындап, талқылап бекітілді. Жоспарға сәйкес әр тоқсан сайын отырыс өткізілді. Отырыс тақырыптары бойынша, мектептің елеулі мәселелері талқыланды .

Мектепте 1 тамыздан 30қыркүйекке дейінгі аралықта республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, өз дәрежесінде өткізілді.


Қаулы:

1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметі ұйымдастырылсын.
2. Балаларды қорғау күніне арналған іс – шараға демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілсін.

3. 2023- 2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің есебі
қанағаттанарлық деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Боранбаева Б.Ә

Айтбаева М.М